

«Tansar Capital» АҚ-ның Директорлар кеңесіне
арналған қызметтік жазбаға №3 қосымша
31.12.2025 ж.

Тақырыбы: «2026 жылға зейнетақы активтерін
басқару бойынша инвестициялық декларацияны
және комиссиялық сыйақы мөлшерін бекіту».

Зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі инвестициялық декларация

1. Жалпы ережелер.

1. Осы зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі Инвестициялық декларация (бұдан әрі – **Декларация**) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген және басқарудағы зейнетақы активтерін инвестициялаудың мақсаттарын, стратегиясын, инвестициялау объектілерінің тізбесін, зейнетақы активтеріне қатысты инвестициялық қызметтің шарттары мен шектеулерін, сондай-ақ зейнетақы активтерін хеджирлеу және әртараптандыру шарттарын айқындайды.

2. Зейнетақы активтерін инвестициялаудың мақсаттары мен стратегиясы.

2. Зейнетақы активтерін инвестициялаудың мақсаты – Қазақстан Республикасы азаматтарының зейнет жасына дейінгі жинақтарын сақтау және көбейту.
3. Инвестициялау стратегиясы ұзақ мерзімді перспективада тәуекелдің барабар деңгейі жағдайында барынша жоғары кірістілік алуға бағытталған.

- 1) Басқару критерийі ретінде **екінші критерий** таңдалды (2014 жылғы 3 ақпандағы ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының №10 қаулысының 25-1-тармағына сәйкес), 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген «Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2025 жылғы 16 қазандағы №67 Қаулысына» енгізілген өзгерістерді ескере отырып қабылданған.

- Инвестициялық портфель зейнетке шығу мерзімі 3 жылдан астам салымшылардың зейнетақы салымдарынан тұрады және 36 (отыз алты) ай қорытындысы бойынша есептелетін кірістіліктің ең төменгі мәніне ие болады.

- 2) Инвестициялық портфельдің бенчмаркі – инвестициялық портфельді басқарушы алған «Зейнетақы активтерінің номиналдық кірістілігі мен зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі мәні арасындағы теріс айырманы есептеу қағидаларына» сәйкес айқындалған осы басқару критерийінің **композиттік индексі** болып табылады.

- Кі(36) инвестициялық портфельдің композиттік индексінің құрамы: KASE индексінің 20% (жиырма пайызы), KZGB_DPm индексінің 20% (жиырма пайызы), MSCI ACWI Index (MXWD Index) (Морган Стэнли Кэпитал Интернешнл Олл Кантри Ворлд Индекс) индексінің 40% (қырық пайызы), Bloomberg Global-Aggregate Total Return Index Value Hedged USD (LEGATRUH Index) (Блумберг Глобал-Агригейт Тотал Ретен Индекс Валю Хэджед ЮСД) индексінің 20% (жиырма пайызы).

- 3) Инвестициялау стилі белсенді де, пассивті де болуы мүмкін;

- 4) Басқаруға берілген активтердің жалпы көлемі бойынша жол берілетін ең жоғары шығын мөлшерін Инвестициялық комитет белгілейді және жылына кемінде 1 рет қайта қаралады;

- 5) Валюталық әртараптандыру дамыған елдердің валюталарымен және Қазақстан теңгесімен шектеледі;
4. Зейнетақы активтерін инвестициялау осы Декларацияға сәйкес зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі және инвестициялау лимиттері бойынша жүзеге асырылады.

3. Зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі және инвестициялау лимиттері

Төменде көрсетілген барлық лимиттер сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтерінің құнынан пайызбен есептеледі.

№ п/п	Қаржы құралдары	Лимиттер
1	Ақша қаражаты, оның ішінде банк шоттарындағы қалдықтар	100 % - дан аспайды
2	Кері РЕПО	100 % - дан аспайды
3	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (оның ішінде шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес бастама жасалған), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдеме беруімен және (немесе) қолдауымен шығарылған бағалы қағаздар	100 % - дан аспайды
4	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздар	20 % - дан аспайды
5	Акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлға шығарған борыштық бағалы қағаздар	60 % - дан аспайды
6	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес "Қазақстанның Даму Банкі", "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры", "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі", "Проблемалық кредиттер қоры" акционерлік қоғамдары шығарған борыштық бағалы қағаздар	20 % - аспайды
7	Мынадай талаптардың біріне сәйкес келетін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар: <ul style="list-style-type: none"> – Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB-"-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар немесе Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) ұлттық шкаласы бойынша "kzA-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар банктер; – Банктер резиденттік еншілес банктер болып табылады, бас банкінің бейрезидентке Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "A-"-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағаға ие 	100 % - дан аспайды
8	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "A-"-тен төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар бейрезидент банктердегі салымдар	60 % - дан аспайды

9	<p>Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар мынадай халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Азия даму банкі (the Asian Development Bank); – Америкааралық даму банкі (the Inter-American Development Bank); – Африка даму банкі (the African Development Bank); – Еуропа қайта құру және даму банкі (the European Bank for Reconstruction and Development); – Еуропа инвестициялық банкі (the European Investment Bank); – Еуропалық Кеңестің Даму Банкі (the Council of Europe Development Bank); – Жекеменшік секторды дамыту жөніндегі исламдық корпорациясы (the Islamic Corporation for the Development of the Private Sector); – Ислам даму банкі (the Islamic Development Bank); – Инвестициялар Кепілдігінің көпжақты агентігі (the Multilateral Investment Guarantee Agency); – Скандинавиялық инвестициялық банкі (the Nordic Investment Bank); – Халықаралық валюта қоры (the International Monetary Fund); – Халықаралық даму қоғамдастығы (the International Development Association); – Инвестициялық Дауларды Реттеу жөніндегі Халықаралық Орталық (the International Centre for Settlement of Investment Disputes); – Халықаралық қайта құру және даму банкі (the International Bank for Reconstruction and Development); – Халықаралық қаржы корпорациясы (the International Finance Corporation); – сондай-ақ, жарғылық капиталындағы Қазақстан Республикасының үлесі кемінде 25%-ды құрайтын халықаралық қаржы ұйымы шығарған бағалы қағаздары 	60 % - аспайды
10	<p>Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар</p>	60 % - дан аспайды
11	Шетелдік ұйымдар шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар:	
	<ol style="list-style-type: none"> 1) Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетелдік эмитенттердің акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар; 2) негізгі қор индекстерінің құрамына кіретін шетелдік эмитенттердің акциялары және базалық активі аталған акциялар 	60 % - дан аспайды

	болып табылатын депозитарлық қолхаттар;	
	3) Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша рейтингтік бағасы "BB"-тен төмен емес немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осындай деңгейдегі рейтингтік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар	50 % - дан аспайды
12	Қазақстан Республикасының немесе басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар:	
	1) қор биржасында инвесторлардың ауқымды тобы арасында жария ұсыныс (сату) шеңберінде орналастырылған (орналастырылатын) Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік секторы эмитенттерінің акциялары және (немесе) осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар; 2) заңды тұлғалардың акциялары қор биржасының ресми тізіміне енгізілген "Негізгі" ресми тізімдегі "акциялар" секторының "премиум" санатының талаптарына сәйкес келетін және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар; 3) негізгі қор индекстерінің құрамына кіретін заңды тұлғалардың акциялары;	40 % - дан аспайды
	4) Қазақстан Республикасының немесе басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша рейтингтік бағасы "B+"-тен төмен емес немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар немесе Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) ұлттық шкаласы бойынша "kzBBB"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар; 5) осы эмитенттің бұрын шығарылған бағалы қағаздарына не өзге міндеттемелеріне айырбастау мақсатында эмитент міндеттемелерін қайта құрылымдау шеңберінде шығарылған бағалы қағаздар	30 % - дан аспайды
13	Сомасы осы мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздардың номиналдық құнының кемінде 50 (елу) пайызын өтейтін "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының және (немесе) "Қазақстан Даму банкі" акционерлік қоғамының кепілдігі бар және қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" не "Баламалы" алаңдары "борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізілген, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес шағын немесе орта кәсіпкерлікке жатқызылған субъектілер шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар	0%
14	Morningstar рейтингтік агенттігінің кемінде "3 жұлдыздан" төмен емес рейтингтік бағасы бар Exchange Traded Funds (ETF) (Эксчейндж Трэдэд Фандс), Exchange Traded Commodities (ETC) (Эксчейндж Трэдэд Коммодитис), Exchange Traded Notes (ETN) (Эксчейндж Трэдэд Ноутс) пайлары	60 % - дан аспайды
15	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын Басқарушы компаниясы бар, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген және ресми тізімдегі "Аралас" алаңының "инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторының талаптарына сәйкес келетін аралық инвестициялық пай қорларының пайлары	10 % - дан аспайды
16	Активтерінің құрылымы негізгі қор индекстерінің бірінің құрылымын қайталайтын немесе пайлары бойынша бағалары негізгі қор индекстеріне байланыстырылған Exchange Traded Funds (ETF)	60 % - дан аспайды

	(Эксчейндж Трэдэд Фандс) пайлары	
17	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша суверендік рейтингі "BBB"-ден төмен емес немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің баламалы деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валютасы	60 % - дан аспайды
18	Лондон бағалы металдар нарығының қауымдастығы (London bullion market association) қабылдаған және "Лондондық сапалы өнім беру" ("London good delivery") стандарты ретінде осы қауымдастықтың құжаттарында белгіленген халықаралық сапа стандарттарына сай келетін тазартылған бағалы металдар және Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің рейтингтік бағасы "AA"-ден төмен емес немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осындай деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес банкілеріндегі депозиттер мерзімі он екі айдан аспайтын металл депозиттер	50 % - дан аспайды
19	Хеджирлеу мақсатында жасалған, базалық активі осы Тізбеге сәйкес зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдары болып табылатын мынадай туынды қаржы құралдары: опциондар; фьючерстер; форвардтар; своптар; жоғарыда аталған туынды қаржы құралдарының жиынтығы болып табылатын туынды қаржы құралдары	хеджирлеу нысанасы болып табылатын базалық активтерге арналған лимит аясында
20	MSCI ACWI Index (Морган Стэнли Кэпитал Интернешнл Олл Кантри Ворлд Индекс) индексінің талаптарына сәйкес келетін және MSCI ACWI Index (Морган Стэнли Кэпитал Интернешнл Олл Кантри Ворлд Индекс) индексіне кіретін акциялар	60 % - дан аспайды
21	Bloomberg Global-Aggregate Index (Блумберг Глобал-Агригейт Индекс) индексінің талаптарына сәйкес келетін және Bloomberg Global-Aggregate Index (Блумберг Глобал-Агригейт Индекс) индексіне кіретін, Moody's, S&p және Fitch-тің рейтингтік шкаласының Вaa3/BBB-/BBB рейтингінен төмен емес рейтингі бар борыштық бағалы қағаздар	50 % - дан аспайды
22	Активтерінің құрылымы MSCI ACWI Index (Морган Стэнли Кэпитал Интернешнл Олл Кантри Ворлд Индекс) немесе Bloomberg Global-Aggregate Index (Блумберг Глобал-Агригейт Индекс) индексінің құрауыштарының құрылымын қайталайтын Exchange Traded Funds-тің (Эксчейндж Трэдэд Фандс) немесе пайлары бойынша баға белгілеу осы индекстердің құрауыштарының деректеріне байланысты пайлар	60 % - дан аспайды

Ескерту:

- 1) осы тізбенің мақсаттары үшін негізгі қор индекстері деп мынадай есептік көрсеткіштер (индекстер) түсініледі:

Bloomberg Global-Aggregate Index (Блумберг Глобал-Агригейт Индекс);

CAC 40 (Compagnie des Agents de Change 40 Index) (Компани дэ Эжон дэ Шанж 40 Андэкс);

CSI 300 (Shanghai Shenzhen CSI 300 Index) (Шанхай Шенжен Си Эс Ай 300 Индекс);

DAX (Deutscher Aktienindex) (Дойтче Акциениндекс);

DJIA (Dow Jones Industrial Average) (Доу Джонс Индастриал Эвередж);

FTSE 100 (Financial Times Stock Exchange 100 Index) (Файнэншл Таймс Сток Эксчейндж 100 Индекс);

HSI (Hang Seng Index) (Ханг Сенг Индекс);

KASE (Kazakhstan Stock Exchange Index) (Қазақстан Сток Эксчейндж Индекс);

KOSPI 200 (Korea Exchange KOSPI 200 Index) (Корея Эксчейндж Кэй Оу Эс Пи Ай 200 Индекс);

MSCI ACWI Index Morgan Stanley Capital International All Country World Index) (Морган Стэнли Кэпитал Интернешнл Олл Кантри Ворлд Индекс);

MSCI World Index (Morgan Stanley Capital International World Index) (Морган Стэнли Кэпитал Интернешнл Ворлд Индекс);

MOEX Russia (Moscow Exchange Russia Index) (Москоу Эксчейндж Раша Индекс);

NASDAQ-100 (Nasdaq-100 Index) (Насдак-100 Индекс);

NIKKEI 225 (Nikkei-225 Stock Average Index) (Никкэй-225 Сток Эвередж Индекс);

Russell 1000 (The Russell 1000 Index) (Зэ Рассэл 1000 Индекс);

RTSI (Russian Trade System Index) (Рашен Трейд Систем Индекс);

S&P 500 (Standard and Poor's 500 Index) (Стандард энд Пурс 500 Индекс);

STOXX Europe Large 200 (The STOXX Europe Large 200 Index) (Зэ Эс Ти Оу Экс Экс Юроп Лардж 200 Индекс);

TOPIX 100 (Tokyo Stock Price 100 Index) (Токио Сток Прайс 100 Индекс).

4. Зейнетақы активтерін инвестициялау кезінде Басқарушы келесі шектеулерді басшылыққа алады:

- Қаржы құралдарымен байланысты ықтимал шығындарды азайту мақсатында зейнетақы активтерін: қаржы құралдарының түрлері, елдер, эмитенттер және валюталар бойынша әртараптандыру көзделеді.
- Белгілі бір мемлекеттің резиденттері болып табылатын эмитенттердің қаржы құралдарына инвестициялау лимиттері («Ел бойынша лимит»):

Мемлекет	Лимиттер
Қазақстан Республикасы	100% - дейін
Шет мемлекет	60% - дан аспайды

- Қаржы құралдарының номиналданған валюталары бойынша инвестициялау лимиттері:

Қаржы құралының валютасы	Лимиттер
Теңге	100% - дейін
Шетел валютасы	60% - дан аспайды

- Ашық валюталық позициялар (бұдан әрі – АВП) бойынша лимиттер:

АВП	Лимиты
Теңгедегі АВП	100% - дейін

Шетел валютасындағы АВП	60% - дан аспайды
-------------------------	----------------------

9. Бір тұлға және оның үлестес тұлғалары шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына зейнетақы активтері есебінен инвестициялардың жиынтық мөлшері инвестициялық портфельді басқарушыда сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтері құнының 10 (он) пайызынан аспауға тиіс.

Қағидалардың осы Декларация тармағының бірінші бөлігінде белгіленген нормалар, бір-біріне қатысты үлестес тұлғалар шығарған (ұсынған) инвестициялардың жиынтық мөлшеріне қатысты дауыс беретін акцияларының 50 (елу) пайыздан астамы мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі бір-біріне қатысты үлестес тұлғалар шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына қатысты қолданылмайды.

Қағидалардың осы Декларация тармағының бірінші бөлігінде белгіленген нормалар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің еншілес ұйымдары шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар мен қаржы құралдарына, сондай-ақ орталық контрагенттің қатысуымен жасалған "кері репо" операциясының нысанасы болып табылатын қаржы құралдарына қатысты қолданылмайды.

Қағидалардың осы Декларация тармағының бірінші бөлігінде белгіленген нормалар активтерінің құрылымы MSCI ACWI Index (Морган Стэнли Кэпитал Интернешнл Олл Кантри Ворлд Индекс) немесе Bloomberg Global-Aggregate Index (Блумберг Глобал-Агригейт Индекс) индекстерінің құрылымын қайталайтын немесе пайлары бойынша баға белгілеу осы индекстерге байланысты Exchange Traded Funds (Эксчейндж Трэйдэд Фандс) пайларына қатысты қолданылмайды.

10. Зейнетақы активтері есебінен инвестициялардың осы зейнетақы активтерін есепке алуды және сақтауды жүзеге асыратын кастодианның банк шоттарындағы шетел валютасындағы қалдықтарды қоса алғанда, шетел валютасында номиналданған қаржы құралдарына жиынтық мөлшері инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері құнынан 60 (алпыс) пайыздан кем болады.
11. Зейнетақы активтері есебінен эмитенттің бір шығарылымының борыштық бағалы қағаздарына инвестициялардың жиынтық мөлшері эмитенттің осы шығарылымының орналастырылған борыштық бағалы қағаздарының жалпы санынан 50 (елу) пайыздан кем болады.
12. Қазақстан Республикасының ұйымы шығарған акцияларға, оның ішінде депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акцияларға зейнетақы активтері есебінен инвестициялардың жиынтық мөлшері осы эмитенттің дауыс беретін акцияларының жалпы санынан 10 (он) пайыздан кем болады.
13. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және инвестициялық портфельді басқарушылардың сенімгерлік басқаруындағы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері есебінен инвестициялардың жиынтық мөлшері бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры өзінің интернет-ресурсында жариялаған зейнетақы активтері есебінен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерге сәйкес осы эмитенттің дауыс беретін акцияларының жалпы санынан 10 (он) пайыздан асқан жағдайда,

инвестициялық портфельді басқарушы Қазақстан Республикасының ұйымы шығарған, оның ішінде депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын зейнетақы активтері есебінен акцияларды сатып алу жөнінде шешімдер қабылдамайды."

14. Қатарынан 12 (он екі) ай ішінде инвестициялық портфельдің тәуекел көрсеткіші (стандартты ауытқу) композиттік индекстің тәуекел көрсеткішінен (стандартты ауытқу) 1,2-ден астам (бір бүтін оннан екі) рет аспайды және ай сайын есепті айдан кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша есептеледі.
15. Зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкіндегі депозиттерге (салымдарға) орналастыру мерзімі – 36 (отыз алты) айдан, шетелдік банктерде – 12 (он екі) айдан аспайды.

5. Зейнетақы активтерімен мәмілелер жасау кезінде басқарушы келесі шектеулерді басшылыққа алады:

16. Қайталама нарықтағы бағалы қағаздармен, сондай-ақ туынды қаржы құралдарымен зейнетақы активтері есебінен жасалатын мәмілелер тек қана қор биржасында жасалады, келесі жағдайларды қоспағанда:
 - 1) эмитенттің инвестициялық портфельде бар облигацияларды акцияларға айырбастауы;
 - 2) басымдықпен сатып алу құқығын іске асыру;
 - 3) эмитенттің инвестициялық портфельде бар акцияларды сатып алу талаптары;
 - 4) қор биржасы делистингке ұшыраған бағалы қағаздарды өткізу;
 - 5) эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау мақсатында шығарылған осы эмитенттің басқа бағалы қағаздарына бағалы қағаздар мен эмитенттің өзге де міндеттемелерін айырбастау;
 - 6) мәміле жасасу кезінде қор биржасында сауда-саттық ашылмаған бағалы қағаздарды сату;
 - 7) эмитенттің өзінің бағалы қағаздарын қайта сатып алуды жүзеге асыруы ;
 - 8) Қазақстан Республикасының резидент-эмитенттері және Қазақстан Республикасының резидент емес-эмитенттері шығарған (ұсынған), халықаралық (шетелдік) қаржы нарықтарында саудаланатын қаржы құралдарын сатып алу-сату жөніндегі халықаралық (шетелдік) нарықтарда мәмілелер жасасу;
 - 9) «Астана» Халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында мәмілелер жасасу;
 - 10) Декларацияның 19 және 21-тармақтарында көзделген талаптарды ескере отырып жасалған туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу.
17. Қор биржасында жасалатын бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері бағалы қағаздарды алғаш орналастырған кезде оларды сатып алу жөніндегі мәмілелерді қоспағанда, ашық сауда-саттық әдісімен жасалады.
18. Қор биржасындағы зейнетақы активтері есебінен «Кері репо» операциялары орталық контрагенттің қызметтерін қолдана отырып, күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімге "автоматты" тәсілмен жүзеге асырылады.
19. Зейнетақы активтері есебінен мәмілелер қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша

есеп айырысулар «Төлемге қарсы жеткізу» қағидаты бойынша шетелдік есеп айырысу ұйымдары арқылы жүзеге асырылған жағдайда халықаралық (шетелдік) бағалы қағаздар нарығында жасалады. Бұл ретте қаржы құралдарын жеткізу жөніндегі міндеттемелері орындау тараптың өзге қаржы құралдарын алу жөніндегі қарсы талаптарын орындамайынша мүмкін болмайды немесе орталық контрагенттің қызметтері қолданылады.

20. Зейнетақы активтері есебінен қаржы құралдарымен мәмілелер келесі тұлғалармен жасалмайды:

- 1) инвестициялық портфельді басқарушының үлестес тұлғаларымен;
- 2) инвестициялық портфельді басқарушының осы инвестициялық портфельді басқарушының ірі акционерлеріне тиесілі инвестициялық портфельді басқарушының акциялары бойынша сенімгерлік басқарушылармен;
- 3) инвестициялық портфельді басқарушының ірі акционерлері шығарған акцияларды және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушының ірі акционерлерінің жарғылық капиталына қатысу үлестері бойынша сенімгерлік басқарушылармен;
- 4) Декларацияның осы тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген сенімгерлік басқарушылардың үлестес тұлғаларымен.

Декларацияның осы тармағының 1) – 4) тармақшаларының нормалары ұйымдастырылған нарықта ашық сауда әдісімен жасалған мәмілелерге, сондай-ақ Декларацияның 16-тармағының 1) – 5) тармақшаларында көзделген жағдайларға қолданылмайды.

Басқарушы зейнетақы активтері есебінен осы тармақтың 1) – 4) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар шығарған (ұсынған) үлестік қаржы құралдарын, көрсетілген үлестік қаржы құралдарына айырбасталатын борыштық қаржы құралдарын, сондай-ақ құрылымдық өнімдерді сатып алу жөнінде шешімдер қабылдамайды.

21. Зейнетақы активтері есебінен туынды қаржы құралдарымен мәмілелер, егер осы туынды қаржы құралдарының базалық активі зейнетақы активтерінің құрамына кірген жағдайда тек хеджирлеу мақсатында жасалады.

6. Инвестициялық қызметпен байланысты негізгі тәуекелдер туралы ақпарат.

22. Зейнетақы активтерін қаржы құралдарына инвестициялау тәуекелдері мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

- 1) саяси ахуалдың өзгеруі, экспроприация, ұлттандыру, экономиканың мемлекеттік мүдде салаларына инвестицияларды шектеу саясаты, энергия тасымалдаушылар бағасының төмендеуі және басқа да жағдайлармен байланысты саяси және экономикалық тәуекелдер;
- 2) көптеген қаржы институттарының міндеттемелерін орындауға қабілетсіздігімен байланысты жүйелік тәуекелдер;
- 3) валюталық бағамдар мен пайыздық мөлшерлемелердің ауытқуына байланысты нарықтық тәуекелдер;
- 4) мәмілелер бойынша контрагенттердің өз міндеттемелерін орындамауы мүмкіндігіне байланысты кредиттік тәуекелдер;
- 5) активтерді қолайлы бағамен сату мүмкін болмауына байланысты нарықтық өтімділік тәуекелдері;

- 6) транзакцияларды өңдеуде қолданылатын жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етудің дұрыс жұмыс істемеуі мүмкіндігіне байланысты операциялық тәуекелдер;
- 7) қолданыстағы заңнаманың өзгерістерін алдын ала болжау қиындығына және қор нарығындағы қатынастарды реттейтін заңдар мен басқа нормативтік құқықтық актілердің кемшіліктерімен байланысты тәуекелдер; сонымен қатар, төтенше немесе алдын алуға болмайтын күш жағдайларының (форс-мажорлық жағдайлардың) туындауы, оның ішінде табиғи апаттар, стихийлік құбылыстар, өрт, соғыс әрекеттері, блокада, экспортты немесе импортты тыйым салу және т.б. секілді нормативтік (регуляторлық) тәуекелдер.

7. Сыйақыны есептеу саясаты.

23. Басқарушының комиссиялық сыйақысын есептеу зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шартқа сәйкес жүргізіледі
24. Кастодианға комиссиялық сыйақы үш жақты кастодиандық шартта айқындалған тәртіпте төленеді.
25. Зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарт бойынша басқарушыға берілген зейнетақы активтері есебінен сенімгерлік басқаруға берілген және қабылданған зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруға байланысты шығындар өтеледі.